



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№8 (10515) 3 АҚПАН, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ: негізгі өзгерістер мен маңызы

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА АТА ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫН ЖАРИЯЛАДЫ. ҚҰЖАТ АЗАМАТТАРДАН, САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН САРАПШЫЛАРДАН ТҮСКЕН ЕКІ МЫҢНАН АСТАМ ҰСЫНЫСТЫ ЖҮЙЕЛЕУ, АШЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАР МЕН КӘСІБИ САРАПТАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ӨЗІРЛЕНДІ. РЕФОРМАНЫҢ НЕГІЗІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫНДА КӨТЕРГЕН БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ ҚҰРУ ЖӘНЕ ЕЛДІҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІН КЕШЕНДІ ЖАҢҒЫРТУ БАСТАМАСЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ. ОСЫ МАҚСАТТА ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛЫП, АЛТЫ АЙ БОЙЫ ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІМЕН БІРЛЕСКЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР ЖҮРГІЗІЛДІ. 2026 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДА ӨТКЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ V ОТЫРЫСЫНДА ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАНЫҢ АУҚЫМЫ БАСТАПҚЫДА ЖОСПАРЛАНҒАННАН ӘЛДЕҚАЙДА КЕҢЕЙІП, САЯСИ ӘРІ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫН ҚАМТЫҒАНЫН АТАП ӨТТІ. НӘТИЖЕСІНДЕ КОНСТИТУЦИЯ МӘТІНІНІҢ 84 ПАЙЫЗЫНА, ЯҒНИ 77 БАБЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ҰСЫНЫЛДЫ.

21 қаңтарда құрылған Конституциялық комиссия құрамына 130 өкіл еніп, елдің барлық өңірі мен әлеуметтік топтары қамтылды. Комиссия жұмысы толық ашық форматта өтті.

Жаңа Конституцияның тұжырымдамалық өзегі – адам құқықтарына бағдарланған мемлекет құру. Алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты басымдығы ретінде Прембулада бекітілді. Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатты қорғау қағидаттары Конституциялық деңгейде нақтыланды.

Егемендік, тәуелсіздік, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар ретінде айқындалды. Мемлекеттік биліктің қайнар көзі – Қазақстан халқы екені тағы бір мәрте нақты бекітілді.

Жаңа Ата заңда білім мен ғылым, мәдениет пен инновация мемлекеттің стратегиялық бағдары ретінде айқындалып, адами капиталға басымдық берілді. Сонымен қатар азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау туралы норма алғаш рет енгізілді.

Дін мен мемлекеттің зайырлы сипаты нақты ажыратылып, білім беру жүйесінің зайырлылығы бекітілді. Неке ер мен әйелдің тең құқықты, ерікті одағы ретінде белгіленіп, дәстүрлі құндылықтар мен әйел құқықтарын қорғау күшейтілді.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция Қазақстанды құқық үстемдігіне, адам құндылығына және заманауи сын-қатерлерге бейімделген жаңартылған мемлекет моделіне бағыттайды.

Конституция жобасындағы басты новеллалар елдің саяси-құқықтық жүйесін түбегейлі жаңартуға бағытталған. Ең маңызды өзгерістердің бірі – 145 депутаттан тұратын, кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтайдың құрылуы. Ол пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақталып, депутаттар бес жыл мерзімге сайланады. Бұл қадам партиялардың институционалдық жауапкершілігін күшейтіп, саяси мәдениетті дамытуға жол ашады.

Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық сабақтастығын жалғастыратын Қазақстанның халық кеңесі құрылады. Ол заң шығару бастамасы құқығына ие жалпыұлттық консультативтік орган ретінде қоғам мен билік арасындағы диалогті жаңа деңгейге көтермек.

Жоба аясында Вице-президент институтын енгізу көзделіп отыр. Ол Президенттің атынан ішкі және халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми әрі мәдени байланыстарды үйлестіреді.

Азаматтардың құқықтық кепілдіктері едәуір күшейтіледі: адвокатура туралы арнайы бап енгізіліп, зияткерлік меншік құқығы қорғалады, кінәсіздік презумпциясы мен «Миранда ережесі» конституциялық деңгейде бекітіледі. Азаматтардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күшіне жол берілмейді.

Жаңа Ата заң мәтінде ескірген терминдер жаңартылып, Қазақстанның білім, ғылым, инновация және адами капиталға негізделген болашаққа бет алған дамуы айқын көрініс табады. Сонымен бірге елдің тарихи жолында маңызды рөл атқарған қазіргі

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ

Конституцияның жаңа редакциясына енгізілген мызғымас қағидаттар мен құндылықтар

- Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау.
- Адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау.
- Заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету.
- Жалпыұлттық бірлікті бекемдеу.
- Халықтың әл-ауқатын арттыру.
- Жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру.
- Қоғамдық диалогты дамыту.
- Еңбек, прогресс, білім құндылықтарын бекіту.
- Жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру.
- Тарихи-мәдени мұраны сақтау. Төл мәдениетті қолдау.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ

ҚР АТА ЗАҢЫ ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

• Жаңа редакциядағы Конституцияның жобасында Кіріспені, 11 бөлімді және 95 бапты бекіту ұсынылады

• Жаңа Кіріспеде адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің басты басымдығы ретінде жарияланды

• Бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық келісім Қазақстан

мемлекеттілігінің іргетасы ретінде айқындалды
• Егемендік пен Тәуелсіздік, унитарлық сипат, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды

• Әділеттілік, Заң және Тәртіп, табиғатты аялау сияқты қағидаттар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ

ҚР АТА ЗАҢЫ ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

• Мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі әрі Егемендіктің иесі – Қазақстан халқы

• Адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Кіріспеде ғана емес, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі негізгі өзегі ретінде бекітілді

• Азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдігін күшейту, оның ішінде азаматтарға жаңа міндет жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдарға кері күш беруге тыйым салу

• Кінәсіздік презумпциясы, бір құқықбұзушылық үшін қайтадан жауапкершілікке тартуға жол бермеу қағидаттары

Конституцияға құрмет сақталады.

Жобаның алғашқы нұсқасында Прембула, 11 бөлім және 95 бап қамтылған. Ұсыныстарды қабылдау e-Отinish пен eGov платформаларында жалғасуда. Ал жаңа Конституция тағдырын Қазақстан халқы жалпыұлттық референдумда шешеді.

«Маңғыстау» ақпарат.

Нұрдәулет ҚИЛЫБАЙ:

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ



КЕШЕ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙДЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН АКТИВ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМДЕРІ, БАСҚАРМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ, ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫН ЖЕТЕКШІЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.



Кездесуде облыс әкімі елімізде жүзеге асып жатқан конституциялық реформалардың маңыздылығына ерекше тоқталды. Нұрдәулет Қилыбай жаңа конституциялық модель халық билігі, заң үстемдігі және билік тармақтарының тепе-теңдігі қағидаттарына негізделетінін атап өтті.

«Қазақта «Елу жылда – ел жаңа» деген ұлы сөз бар. Уақыт пен заманның өз талабы бар. Сол себепті 21 қаңтар күні Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия жұмысы ашықтық, инклюзивтілік және кең қоғамдық диалог принциптеріне негізделген. Әділетті және жауапты мемлекет құру жолындағы реформаларды сапалы іске асыру – баршамыздың ортақ міндетіміз», – деді облыс басшысы.

Жиында Маңғыстау облысынан комиссия құрамына кірген облыстық мәслихаттың төрағасы Жаңбырбай Матаев пен облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Бекмұрат Жүсіпов комиссия жұмысы аясында көтерілген ұсыныстар мен бастамалар, талқылау барысы туралы толық ақпарат берді.

Кездесу соңында облыс әкімі конституциялық реформалардың мәні мен маңызын халыққа дұрыс жеткізудің, қоғамдық келісімді нығайтудың және ұлттық бірлікті сақтаудың маңыздылығына назар аударды. Жиын қорытындысы бойынша қатысушылар жаңа Конституция жобасын қолдайтындықтарын білдіріп, реформалардың өңірдегі жүзеге асырылуына өздерінің белсенді қатысуға дайын екендерін жеткізді.

«Жаңа Конституция – тек заңдық құжат емес, әрбір азаматтың өміріне әсер ететін маңызды қадам. Біз әділетті, сенімді, құқықтық мемлекет қалыптастыруға бірге атсалысуымыз керек», – деді өңір басшысы.

Өз тілшіміз.